

ЕРМЕК ХАНКЕЙ

## М. ӘУЕЗОВТІҢ «ЖЕТІМ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК МЕКЕНШАҚ (ХРОНОТОП) МӘСЕЛЕСІ

«Жетім» – жазушының әлеуметтік-психологиялық әңгімесі. «Бұл әңгіме алғаш рет «Қайғылы жетім» деген атпен Семей қаласында шығып тұрған «Таң» журналының 1925 жылғы 1-санындағы 78–85-беттерінде жарық көрді. Жазушы атына айтылған әсіре солшыл сыншылардың сынаржақ пікірінен кейін әңгіме елеулі түрде түзетулер мен қысқартуларға ұшырады. Соның ішінде табиғат суреттеріндегі романтикалық суреттеулер мен сыршыл сарындарды өз ықтиярынан тыс өзгертуге мәжбүр болды. Жалпы оқиғаның ұзын ырғасы сақталғанымен де, әңгіменің ішкі ырғағына бұл өзгертулер кәдімгідей әсерін тигізді» [1, 324].

Дегенмен «Жетімдегі» оқиғаның ішкі динамикасы, тілдік бояулары табиғат құбылысына байланысты контрасты құбылып, уақыт пен кеңістік өлшемдерін ұқтыруда өзгеше реңкте көрініс табады.

1925 жылы жазылған «Жетім» әңгімесінде Қасым деген 10–11 жастар шамасындағы жетім баланы Иса деген бір жамағайын жұрағаты өз қолына алады да, артынша, оның әке-шешесінен қалған 30 қой, 10 қара малы мен мүлкін бауырына басып, балаға күн көрсетпей, қудалайды. Тағдырға ашынған бала ауылдан жанжалдасып қашып шығады да әке-шешесінің моласына келе жатып, қараңғы түнде, тоғай ішінде ұшып өледі.

Мұнда уақыт бірден *концептуалды уақыт* тұрғысынан баяндалып келіп, кеңістік Ұлытаудың бөктері болып көрінеді. Жаз ортасының қоңыр кешіндегі, Ұлытаудың бөктерінде жалғыз бала (жетім) өз ортасынан қашып шығады. Мұнда суреттелген уақыт пен суреттеу уақыты – автордың баяндау уақыты арқылы жүзеге асады. Мысалы, Қасымның неге қашып шыққаны туралы *суреттелетін уақыт* шексіз болғандықтан, суреттеуге кететін уақытты қысқарта түсу үшін авторлық уақыт тұрғысынан көркемдік уақытты пайдаланады. Ол – тау мен табиғат суреті. Табиғат құбылысы баланың ішкі жан күйзелісімен психологиялық параллель сызық тартады да уақыттың қатал суретін айшықтайды. Ал кеңістіктегі қорғансыз хал әңгіменің соңына дейін қайғылы сарынмен жалғаса береді. Тағы бір ұтымды тұс – Қасымның қорлық өмірін баяндап жатуды автор қажет деп таппағандықтан,

лирикалық шегініс арқылы сюжеттік уақытқа кідіріс жасап, *баяндау уақытын* қысқартады, осы жерде *уақыт үзілмелілігі* ұшырасады. Реалды кеңістік уақыттың үзілмелілігіне байланысты сығымдалып, көмескілене түседі де (М.Бахтин), тек кейбір жерлерде ғана Қасымның ішкі жан күйзелісіне орай кеңістіктің кейбір сәтте нақты көрінетін тұстары: «*Қасымның көрпе астында жылап жатып, мұрынын тартып дыбыс бергені де, оларды бұрынғы әңгімеден тыйған жоқ*» [1, 82] дейтін тұста айқынырақ байқалады.

Ал әңгіменің шарықтау шегі уақыттардың үлесінде ширеңдеп кеп, шиеленісетін кезі: «*Исаны тізесінен періп кеп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеліп еді*» [1, 84], – деген жерінде реалды уақыт пен кеңістіктің бойында көрініс береді. Өйткені дала – мүлде шексіз кеңістік.

Сөйтіп кейіпкер уақыты алғашқы өзінің межелі кеңістігіне қарай ұмтылады. Ұмтылу барысында баланың көңілі-күйі психологиялық өзгеріске ұшырап, *перцептуалды уақыт пен кеңістікте* ары қарай жалғаса береді.

Осылайша кейіпкердің ішкі әлемінде уақыт пен кеңістік категориясы абстрактілі уақыт пен кеңістікке ауысады. Оған дәлел бір беттегі екі абзацтың (мәтіннің) өн бойында «қара» сөзі 20 рет кездеседі. Айталық: **қараңғы түннің, қара желі қатайып; қара жартас, қараңғылыққа батып; түннің қараңғылығы; қараңғы сырлы ойлары; қара күйедей, қараңғы беттері; қараңғы пәлелерін; қара бірдеме; қара түннің, қара көздері; қара жартас; қара түсті кемпір; қарақұс; қара пышағы бар, қара кісі т.б.**[1, 85-86].

Мұндағы «Қара» эпитетінің шығарма оқиғасын шиеленістіріп, шарықтау шегіне жеткізуде атқарып тұрған рөлі орасан. Қайғы мен қасіреттің символын сөзсіз ұқтыратын «қара» сөзі бір-бірінен бояуы қалындап, психологиялық тұрғыдан үдемелі күйде суреттелуі Қасымның аянышты минутын концептуалды уақыт пен кеңістікте ұстап тұрғандай әсер қалдырады да абстрактілі уақыт – басындағы концептуалды уақытпен түйіліседі (Үш салт атты туралы алғашқы баяндау, тау бөктері, қараңғы түн). Оқиға бастапқы сюжеттік уақыт пен кеңістікке қайта оралады.

Оқиғаның басталуы мен аяқталуын бір кеңістікке орайластырып әкеп, ортасына лирикалық

шегініспен келіп кірген фабула (авторлық баяндаудағы) әңгімені тұйықталған сюжетте көрсетеді. Бұған қоса, фольклорлық шығармалардағы жырлаушы уақытты суреттеп отырған геройын алғашқы мекеніне әкеп, оқиғаның шешімін көрсетіп жатады емес пе? Және де бір оқиға айтылып келеді де, жырлаушы тарапынан уақыт үзіл-мелілілігін жасап, келесі бір сюжет келіп қосылады. Мәселен, жырда жыршы шегініс жасау үшін: «*Қарасай жылап жата тұрсын. Ендігі сөзді Қарасайдың шешесінен естіңіз*», – дейді.

Мұндай тәсілдің дамыған көрінісі осы «Жетімде» де қолданылған. Ол – жазушы тарапынан жасалған лирикалық шегініс, оқиғаның басталуы мен экспозициясы, мекен мен мезгілдің түйілісуі. Әңгімедегі уақыт пен кеңістік, ондағы көркемдік шешімнің шарықтап кеп шешілетін межесінде мезгіл мен мекеннің бас-аяғы бір жерден шығуы «Жетімдегі» басты көркемдік ерекшелік болып табылады.

Сонымен қатар мұндағы тағы бір ерекшелік – уақыттың абстрактілі уақыт пен кеңістікте көріне отырып, дәуір шындығын тап басып суреттеуінде. Әңгімедегі қап-қараңғы түн, сол қараңғылықтың мифтік уақыт пен кеңістікке сәйкес (жын-шайтандар, жалмауыздар, перілер. Тас қабақты, жұлдыз көзді, түндей кара түсті кемпір) суреттелуі бала дүниетанымына лайық сипат алады да, оқырман уақытына да өз ықпалын тигізеді. Аталған ілкі жанрдың психологиялық сарындары уақыт пен кеңістік категориясының абстрактілі (дерексіздену) көрінісі деуімізге әбден болады.

Енді жоғарыдағы келтірілген мысалдар негізінде бірер сөз. Аталған сөздердің өн бойындағы бояулардың өзгеруі, олардың контрасты құбылуы әңгіме табиғатындағы біз қарастырып отырған аспектіні аша түседі. Бір абзацтың иірімінде «қара» сөзі бір-бірінен бояуы жағынан қоюланып, оқиғаны шиеленістірді. Автор оқырман көңіл-күйін шириқтырып әкеп, Қасымның басына түскен қасірет бұлтын қап-қара кеңістікте қоюландырады да, оқушы психологиясына да алда болар көңілсіз оқиғадан алдын ала хабар береді.

«Алдында тісі ақсиган, ұзын бойлы, қолында ұзын қара пышағы бар, қара кісі тұр екен» [1, 86] дейтін мысалда, Қасым қатал уақыттың, беймәлім кеңістіктің тұтқынында қорғансыз күй кешіп, өлім мен өмір арасындағы тығырыққа тіреліп, оның «шекаралық ситуациядағы» психикасының өз санасынан тыс бір күштің байлауында – «санасыздануы» әңгіменің қайғылы шешімін бейнелейді.

Осындай фольклорлық мотивтердің психологиялық жағынан кейіпкер әлемінде бірлікте көрінуін белгілі ғалым Б.Уахатов былайша түсіндіреді: «Тегінде, табиғат күшіне жан бітіріп, оны тірі адамдай ойлатып, сөйлетіп қою миф пен тотемдік, анимистикалық ұғымдармен байланысты пайда болған түсініктер». Осынау көркемдік әдіс М.Әуезов прозасында кейіпкерлердің жан дүниесін, оның бастан кешкен қилы тағдырларын, әсіресе қаралы кезін баяндауда оңтайлы тәсіл бола алатынын байқатты. Сонымен қатар оқырман дүниетанымындағы эпикалық уақыт пен кеңістік дәстүрлі (канондық десек те болады) ауқымына сай, классикалық көркем прозаны психологиялық бағытта «Жетімдегідей» өрбіту қолайлы әдеби амал екенін де бағамдаймыз. Нақтырақ айтсақ, оқырманның мифтік, аңыздық, эпостық шығармалардан бойына сіңіп, санасында қалыптасқан кейіпкерлері (жалмауыз, пері, жын, жезтырнақ т.б.) және осы жанрдың әмбебап (универсал) рухани уақыты мен кеңістіктерін көркем проза өмір шындығына орайластырып пайдаланса, шағын жанрдағы психологиялық әңгімені дүниеге әкелу мүмкіншілігінің мол екенін М.Әуезовтің «Жетімінен» көп аңғаруға болатындай. Бұл бір жағынан М.Әуезов шығармаларындағы өзіндік ерекшелік пен фольклорлық дәстүрдің өміршең өрі үлгілі көрінісі деуімізге болады.

Жалпы, «Жетім» ескі қазақ тұрмысынан алынған әлеуметтік-психологиялық әңгіме. Әңгіменің әлеуметтік жағына – Қасымның аз малына көз алартып, иелік етуші ағайыны Иса мен Қадишаның зорлықшыл өрі әділетсіз әрекеттері жатса, психологиялық бағытына – жетімнің көңіл-күйіндегі ішкі монологқа негізделген «саналық қарсылықтары» жатады. Осы қарсылық ұлғайып кеп, баланы рухани *тығырыққа* тірейді. Одан шығудың жолы тұрмыстық кіріптарлыққа түсірген Исадан құтылу еді. Бірақ бала психологиясы, дүниетанымы, жас ерекшелігі әлі жекелей тіршілік етуге дайын емес болатын. Оның үстіне уақыттың әділетсіздігі мен кеңістіктің соған лайықты дәрменсіздігі жетімнің халімен өзара сәйкесіп жатқандықтан, оқиғаның қайғылы шешімге аяқталуы заңды.

Айталық, «Жетімде» Қасымның тағдырына табиғат құбылыстары тікелей қатысты. Әңгіме басталғанда-ақ, автор кейіпкері бастан кешер оқиғаға уақытты да, кеңістікті де өзінің сұрқай суретімен егіздеп алады. Түнгі әлемнің психологиялық пейзажы – Қасымның қасіретті өлімінің



нышаны. Ал баланың тығырыққа тірелген санасы тағы да *игерілмеген кеңістіктен* пана іздейді. Бұл «тау бөктеріндегі әке-шешелерінің басына барып, қабірін құшақтап жылау еді» [1, 84].

Біз «Қорғансыздың күніндегі» қыстың катал суреті мен қорлық көрген қорғансыз Ғазизаның әкесінің қабіріне жетіп өлуі, «Жетім» әңгімесіндегі Қасымның да осы оймен шығып, ақыры қаза болғанын кездейсоқтық дей алмаймыз. Бұл кейіпкер дүниетанымындағы «бейсаналық» немесе *рухани тығырық*. Осы тығырықтан шығар жол жазушы үшін де, кейіпкер үшін де өліммен аяқталуы тиіс әрі *басқа кеңістіктен* үміттену мотивінің айқын мысалы болады. Көркем прозаның басқа жанрдан ерекшелігі де сонда: кейіпкерлердің басынан өткен қилы тағдырлары белгілі бір уақыт пен кеңістікте (ол тарихи да, дәуірлік те, рухани да, тіпті тұрмыстық та т.т.) жан-жақты баяндалып кеп, сол мезгіл мен мекеннен өзінің орнын таппағанда (бұл көбінесе қайғылы шығармаларға тән болып келеді) *игерілмеген кеңістікте тұйықталады* (бұрынғы өткен адамдардың басына бару, қабіріне жылау, соған мұң шағу әрекеттері). Бұндай жәйттер реалды өмірде де көп көрініс береді, дәлелденген де. Осыны классикалық көркем проза белгілі бір уақыт пен кеңістіктің ащы шындығын ашуда өзінің әдеби әдісіне айналдырды. Ал фольклорлық жанрдағы шығармаларда мұндай сарын кездеспейді.

Түйіндеп келсек, «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелеріндегі Ғазиза мен Қасымның өлгендерден (әке мен шеше) көмек тіліп соларға баруы, қаза болуы жазушының көркемдік уақыт пен кеңістік аясына *оқиғалық игерілмеген кеңістікті* параллель қоя отырып, шығарманың көркемдік шешіміне өзінің де дәрменсіздігін білдіреді. Және адамзаттық ауыр қасіреттерге қарсылығын танытады. Оқырманға ізгілік пен қайырымдылықты, өлім мен өмір шындығындағы адами қасиеттерді осы әңгімелерге арқау болған кейіпкерлер тағдырындағы реалды уақыт пен кеңістіктің көркемдік шешімдері арқылы нанымды әрі жан-жақты ажыратып көрсеткен. Сондай-ақ жазушы «Жетімде» оқиғаны аяғынан басына қарай баяндаған. Автор оқырманды лирикалық шегініспен алда болған оқиғаның себебіне сүңгітеді. Оларды баяндау уақытының шеңберіне енгізіп, автор уақытын да, оқырман уақытын да сюжеттік уақыттың ырықанда қалдырады. Мұнда біртұтас эпикалық баяндау уақыты үстемдік етеді. Және «Жетімде» автор Қасымның жас ерекшелігіне байланысты кейбір сөздерді қолданғанда

эпикалық дүниетанымының дәстүріне жүгінген. Ол: *қара пышақ, қара кемпір, қара жармас* т.б. Бұлар бала түсінігіндегі өзге әлемнің символдары әрі оқырман да осы сөздердің ілкі дәуірге жетелейтін ықпалында өздері ертегі мен эпостан оқыған, білетін мифтік әлемге еш кедергісіз араласып кетеді.

Бұл әңгімеде бергі дәуірдің де, арғы заманның да көшпелі қазақ өмірінде кездесіп жататын әлеуметтік қайшылықтары бар және қазіргі уақыттың да ащы шындығын бедерлей алады. Мұнда өткен шақ, осы шақ, келер шақ әрі болашақ сияқты уақыт категорияларына қашанда қабысып жататын өмір түйткілдерінің аясы өте кең. Әңгімеге автор уақыты да, тарихи уақыт та, оқырман уақыты да өмірде кездесетін сипаттарымен өте жақын тұр. Ал кеңістікті осы ауқымға орайластырып қарастырған дұрыс.

Біз жоғарыда сөз болған әңгімелерде көркемдік уақыт пен кеңістікті айқындауда көбінесе сол шығарманың сюжеттік желісіне баса назар аударып, осы тұрғыдан талдауға көбірек орын бергенімізді айтып өткеніміз жөн. Себебі әңгіме жанрындағы хронотоп мәселесі оның сюжеттік құрылысында. Сюжет мейлінше көпқырлы (мұнда негізгі бір оқиғаның төңірегіне топтасқан бірнеше оқиғалар тізбегі, шағын фабулалар немесе эпизодтар) болған сайын ондағы сюжеттік уақыт пен кеңістіктің күрделену процесі міндетті түрде көркемдік уақыт пен кеңістіктің мүмкіншілігіне жүгінеді. Мұнда уақыт топтасады, сығылады, қоюланады (хронотоп – М. Бахтин), кеңістік сол арқылы ұғылады. Немесе керісінше.

Сонымен қатар көркем шығармадағы суреттеліп отырған уақыт пен кеңістіктің тарихи сипаты өз құрамына ауқымы жағынан күрделі, көптеген хронотоптың (ол мифтік ілкі уақыт, дәуірлік уақыт, мезгілдік уақыт, реалды уақыт, тіпті сюжеттік уақыт т.б. болуы мүмкін) барлық белгілері мен әрекеттерін бойына жинақтап қана қоймай, келесі бір замандардың келбетіне жарығын түсіріп тұратыны болады. Әр дәуірде болған адамдардың яки табиғаттың жақсы-жаман әрекеттері мен құбылыстары ендігі бір уақыт пен кеңістіктердің ішінде тағы да қайталанып жатса, бұл дегеніміз – болмыстың табиғи қатаң қағидасы. Осы жерден миф пе, ертегі-аңыз ба, эпос немесе шешендік толғау ма, бұл аталған көркем әдебиеттің бастау көзі көне жанрлардағы барлық заманаға (уақыт пен кеңістікке) үлгі болатын *Сөздерді* тәрбиелік тұрғыдан игеру мәселесі дегеніміз де алдымыздан шығады. Біздің көне әдеби мұраларымыздағы

көтерілген адамзаттың барлық болмыстары кашанда классикалық көркем проза үшін «өткеннің ертегісі» болмауға тиіс. Бірақ белгілі бір дәуірдегі аздаған ғана адамдардың мүддесіне немесе белгілі бір топтың «ақыл-ойы» тудырған қасаң қағидалар тарихи уақыт пен кеңістіктің тегершігін теріс айналдыратын кездері болатынын уақыт өзі көрсетіп берді.

Осындай жәйттер әр уақыттың әдеби жәдігерлеріне де өз белгілерін қалдырды. Бұған мысалды алыстан іздемей-ақ кешегі кеңестік саяси-идеологияның салып кеткен таңбаларын мысалға алып айтуға болады. Мұндай нәрселер жазушының да, оқырманның да дүниетаным кеңістігіне шектеу салатыны бір басқа, тарихи уақыттың нақты бағдарынан жаңылдырады. *Рухани уақыт пен кеңістікке* қасақана бұрмалаушылық енгізіп, тарихи уақыт пен кеңістікке қиянат (тарихи) жасайды. Осыны аңғарған немесе мәжбүрліктен шығудың жолын қарастырған су-

реткерлер (мұнда ертегішінің, жыршының, мысалшының түрлі хайуанаттар арқылы сол уақыттың шындығын, болмысын бейнелеу, мысалдау, түрлі уақыттардың бұлдыр уақытына сап, ерте ерте еді дегендей, амал-айлаға баратыны) *көркемдік уақыт пен кеңістіктің* (бұл көркем жазба проза үшін) әдіс-тәсілдері арқылы түпкі ойларын, негізгі ұстанымдарын айтып қалуға талпынған.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Әуезов М.* Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым, 1998. 3-т. — 392 б.

#### Резюме

В статье изучены и проанализированы временные пласты рассказа «Сиротская доля» М.О. Ауэзова. Это прошлое, досюжетное время, в котором разворачивается предыстория событий, собственно сюжетное время и постсюжетное время. Хронотоп времени исследован в зависимости от конкретных художественных установок автора.